

қарқынды дамуына қадам басып отыр. Мемлекеттік қызметке үміткерлер мемлекеттік қызметке кіргеннен кейін өзінің кәсіби деңгейін жоғарылату мақсатында әртүрлі оқу курстарынан өтетіні белгілі. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет Академиясы – мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлаудың тиімділігін арттыру мен олардың біліктілігін көтеру мақсатындағы оқу орны болып табылады, бұл – мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін бірден-бір оқу орны.

Ал, Италияда мемлекеттік қызметшілер мен басқару аппаратын дайындау бойынша жалпыға міндетті нормалар қалыптасып, жаңдану үстінде. Басқару аппаратының басым бөлігін университеттер дайындайды, соның ішінде - заң факультеті ерекше ролді ойнайды. Кадрлық толықтыруларды министрліктердің өздеріне бағынатын оқу орындары мен институттары да жүзеге асырады. Бұдан көріп тұрғанымыздай, әр сала бойынша ведомстволар өздерінің кадрларын өздері дайындауға мүмкіндігі бар.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қарай біз мемлекеттік қызмет саласын реформалау жолында жұмыс істеп келеміз. Әлемдегі тәжірибенің жетістіктерін мұқият қарадық. Бұрынғы жүйенің барлығы Кеңес одағының қалыптастырған жолымен жүрген болатын. Оның кемшіліктері көп, бүгінгі заман да басқа. Ендеше мемлекеттік қызметшілер заман талабына сай елге қызмет етулері керек. Елдің жағдайы жақсарған сайын мемлекеттік қызметке қатысты талап та ұлғая береді» деп, атап өткеніндей, мемлекет алдында тұрған мақсаттар мен басымдықтарды іске асыру жолында кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың тиімді жүйесін құру, мемлекеттік аппарат қызметінің кәсібилігі мен ашықтығын қамтамасыз ету жұмыстары жүйелі жүзеге аса бермек.

Италиялық мемлекеттік қызмет институты да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі секілді заман талабына сай, бұрынғы олқылықтар мен кемшіліктерді жою мақсатында, мемлекеттік қызметтің алға қарай дамуына елде жүргізіліп жатқан әр түрлі бағыттағы реформалардың сәтті жүргізілуі де әсер тигізетіні хақ. Мемлекеттік қызметті реттейтін заңнамалардың да ескіруі мен коллизиясын болдырмауға қатысты бірқатар өзгерістер енгізілген болатын. Италия мемлекеті де 1992-1993 жылдары мемлекеттік қызмет жүйесіне айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Зандық тәртіппен келісім-шарт жүйесімен орналасу қарастырылған.

Екі елдің де мемлекеттік қызмет институтының сұрақтары ұқсас болып келеді. Соның ішінде мемлекеттік қызметке кіру ережелері, үміткерге қойылатын талаптары жағынан көп айырмашылықтары жоқ екендігін көріп отырмыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995ж.
2. М.Зенков «Зарубежный опыт управления. Государственная служба»: учебное пособие. -Новосибирск, 2004.-36-38с.
3. «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 1999 жылы 23 шілде.
4. М.Мұстан. Мемлекеттік қызмет – жауапкершілігі жоғары міндет //Астана ақшамы. 13 қараша 2014ж. -16.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі №119 Жарлығымен бекітілген тұжырымдамамен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделін қалыптастыру туралы. - Астана, 2011ж. /<http://www.kyzmet.gov.kz/>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘСКЕРИ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ

Мусин Қ.С., аға оқытушы

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Аталған мақалада Қазақстан Республикасы әскери саясатының жүзеге асыру барысындағы әскери қызметкерлерді құқықтық тәрбиелеу мәселелері қарастырылған. Автор әскери саясат және қауіпсіздіктің конституциялық-құқықтық нормаларының қорғау және қамтамасыз ету сұрақтары қарастырылмақ. Сондай-ақ мақалада Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялап, әлем қауымдастығына толыққанды мүше болуына байланысты өзінің мемлекет ретінде қалыптасуын нақты жағдайда бекіту тікелей мемлекеттік саясатқа да байланысты болғаны жайлы сөз етіледі.

В данной статье рассматривается проблема правовое воспитание военнослужащих по обеспечению военной политики Республики Казахстан. Автор затрагивает вопросы защиты и обеспечения конституционно-

правовых норм в сфере военной политики и безопасности, также в статье обосновывается, что формирование Казахстана как полноценного члена мирового сообщества после обретения независимости состоялось непосредственно благодаря государственной политике.

The article devotes problems of constitution-justice regulation army politic of Republic of Kazakhstan. The author talks about questions of save and taking of constitution-justice norms on sphere of army politic and quarding. The article explains that the formation of Kazakhstan as a full-fledged member of the world community after independence took place directly through public policy.

Кілтті сөздер: құқықтық тәрбие, тәртіп, құқықбұзушылық, қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздік, саясат, әскери саясат, әскери қауіпсіздік, норма, әскери доктрина

Әскери қызметкерлерді құқықтық тәрбиелеудің түпкі мақсаты – саналы әскери тәртіпті және құқықтық білім көлеміндегі өмір салтын қалыптастырып күнделікті әрекеті үшін қажетті әскери дайындығын нығайту, бір-бірімен және басқа адамдармен құқықты рұқсат етілген қатынастың әдетін дамыта отырып тұрақты әскери саясатты қалыптастыру болып табылады.

Әскерде құқықтық тәрбиелеу Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және штаб басшыларының, комитет төрағасының бұйрығы және нұсқауы негізінде жүзеге асырылады.

Әскери қызметкерлерді құқықтық тәрбиелеу – құқық бұзушылықты ескертудің маңызды шарты болып табылады.

Әскери қызметкерлерді құқықтық тәрбиелеуде олардың әскери қызметкерлер арасында құқықтық рұқсат етілген жүріс тұрысты қалыптастыру мақсатында әсер ету процесі түсіндіріледі.

Құқықтық тәрбиелеу әскери ұйымдарда, құрамаларда өткізілетін тәрбиелік жұмыстың бірыңғай жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Сондай-ақ, әскери, өнегелік, моральды-психологиялық және басқа тәрбиенің түрлерімен органикалық өзара байланыста болады.

Құқықтық тәрбиелеу құқықбұзушылықты алдын алу және ескерту міндетін шешкенімен, бірақта толығымен құқықбұзушылық мәселесін шеше алмайды. Ол тек құқықбұзушылықтағы емес, сонымен бірге барлық әскери қызметкерлерге бағытталған тәрбиелік жұмыстармен қатар әскери саясатты қалыптастырып және де өзінің мінез-құлқын заңдық әскери жарғылардың негізінде алып жүрумен қатар, басқа да заңдардағы талаптардың тұрақты ара қатынасының қажеттілігін түсіну, құқықтың әскери және қоғам өміріндегі ролін маңыздылығын ескере отырып, оларға құқықтық сананы қалыптастыру мақсатын ұстанады.

Құқықтық тәрбиелеуді әскери қызметкерлер арасында міндетті қатынасты қалыптастыруда, сондай-ақ әскери саясатты насихаттау барысында қолданады. Әскерилер арасында құқықтық білімге жеке құраманы заңдармен танысуы, меңгеруі және де қолданыстағы әскери заңдылықтарды жалпыға бірдей міндетті түрде оқумен қатар, құқықтық тәжірибеден өткізу жолымен жетеді.

Құқықтық дайындық әрбір категориядағы әскери қызметкерлердің өзінің қызметік міндетін атқару үшін қажетті заңдардан басқа да нормативтік актілерді меңгеруді білдіреді [1].

Бұл нормалар екі бөлімге бөлінеді: жалпы және арнайы.

Жалпы бөлімде әрбір әскери қызметкер өзіне қатысты бөлімді толық білу керек. Яғни, қолданыстағы әскери қызметті реттейтін заңдық актілерді меңгеруін айтамыз. Мұнда: бірінші кезекте Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің жалпы әскери жарғылары, Қазақстан Республикасы Қарулы күштер және қорғаныс туралы, «әскери қызметкерлердің және олардың жанұя мүшелерінің құқықтық жағдайы және әлеуметтік қорғалуы туралы», «жалпы әскери міндет және әскери қызмет туралы» заңдар, әскери қызметті өтеу тәртібі туралы, әскери қызметкерлердің және басқалардың материалдық жауапкершілік туралы ережелер болып отыр.

Арнайы заңдық акілерге – осы әскери қызметкерлердің категориясымен айналасатын қызметтің нақты аясын реттейтін актілер жатады. Мысалы, арнайы жұмыстарда техникалық қауіпсіздік бойынша пайдалануда, әскери объектілерді құрылыста, құтқару жұмыстарында және т.б. қажетті жерлерге әскери машиналарды жұмылдыру және жүргізуде, медициналық қызметкерлердің іс-шараларында техниканың, қарудың, басқа да әскери мүліктерді сақтауға қатысты құқықтық ережелер, нұсқаулықтар, басшылыққа алатын құжаттарды оқып үйренуге мүмкіндік жасау.

Құқықтық жалпыға міндетті оқу – құқықтық дайындықпен салыстырғанда, кең көлемді түсінік. Егер құқықтық дайындық әскери қызметкерлердің өзінің әскери-мамандық міндетін атқару үшін қажетті заңды меңгеруін білдірсе, ал құқықтық жалпыға міндетті оқу әскери қызметкерлерге азамат ретінде оған өзінің құқығын, бостандығын және мүддесін білу, сондай-ақ күнделікті мүмкін болатын құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті түсінуге мүмкіндік беретін заңда рұқсат етілген жалпы мінезді меңгеруді ұйғарады.

Бұл топқа әскери қызметкерлерге және олардың жанұя мүшелеріне берілетін жеңілдіктермен

зандарда көрсетілген мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне берілетін артықшылықтармен міндеттер туралы ережелермен қатар азаматтық және қылмыстық заңнаманың жүйесін реттейтін заңдар кіреді [2].

Құқықтық жалпыға міндетті оқудың негізгі мазмұны жоғары құқықтық санаға тәрбиелеуді, құқықтық білімді қолдануда және Қазақстан Республикасы құқықтық әскери жарғылары, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің басқармаларының бұйрықтары мен нұсқаулық актілері бойынша әрбір әскери қызметкерлерге, Қазақстан Республикасы әскери қызметкерлерінің азаматтық қызметшілеріне тәрбиелік жұмыс барысында олардың әскери саясаттағы біліктігін арттыруда жан-жақты бекітіледі.

1995 жылы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында жалпыға міндетті құқықтық оқуды ұйымдастыру бойынша шаралары туралы» қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне және басқа Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің жалпы жарғылары, Қазақстан Республикасы Қарулы күштер және қорғаныс туралы, «әскери қызметкерлердің және олардың жанұя мүшелерінің құқықтық жағдайы және әлеуметтік қорғалуы туралы», «жалпы әскери міндет және әскери қызмет туралы» заңдар және әскери қызметкерлерге құқықтық жалпыға міндетті оқытуды қамтамасыз ету тапсырылды [3].

Әскери қызметкерлерді және Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің азаматтық қызметшілерін жалпыға міндетті құқықтық оқыту төмендегідей жолдармен жүзеге асырылады:

А) жылына 40-сағаттық бағдарлама бойынша офицерлік құрамды командирлік дайындау жүйесінде құқықтық сұрақтарды зерттеу, меңгеру;

Б) әскери қызметкерлердің әлеуметтік-құқықтық оқуы және қоғамдық-гуманитарлық дайындығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы күштеріндегі азаматтық қызметкерлердің экономикалық оқу процесінде заңдылық және құқық сұрақтарын зерттеу, үйрену;

В) құқықтық ақпараттарды насихаттау және меңгеру;

Г) Қазақстан Республикасы заңнамасын және оны қолдану тәжірибесін зерттеу мен меңгеру әрбір әскери қызметкерлердің, азаматтық қызметшілердің жүйелі, және де өз бетінше дайындалу арқылы жүзеге асырылады.

Оқу барысындағы алға қойылған жоспарларды орындағаннан кейін әрбір әскери қызметкерлерге тәртіптік жүйе бойынша бағалануы бақылау сабағы арқылы жүргізіледі. Бұл баға офицерлердің құқықтық дайындығының деңгейі кәсіби дайындығының есептік парағында және аттестацияда көрсетіледі. Өйткені, әскери қызметкерді жоғары лауазымға ұсынуда, кезекті әскери атақты беруге ұсынуда ескеріледі.

Құқықтық ақпаратты меңгеру жеке құрамның құқықтық дайындық немесе құқықтық жалпыға міндетті оқу шегінде күнделікті қолданыстағы жаңа заң актілерімен шұғыл танысу, оны пайдалануға байланысты әрекет етіп отырған заңнамаға енгізілген өзгертулер және толықтыруларды оқып білу әскерилердің өз қызметінде пайдалануына көмектеседі.

Құқықтық жұмыстың арнайы түрі, заңдық шешімді талап ететін мәнді құжаттармен танысу барысында әскери қызметкерлерге құқықтық көмек көсете отырып олардың әскери саясатын қалыптастыруға ықпал етуге бағытталады.

Құқықтық жалпыға міндетті оқуды меңгеру дәріс, әңгіме, тематикалық сұрақтар, дискуссия, пікір сайысқа әділет және құқық қорғау органдарының сондай-ақ әскери органдарының лауазымды адамдары белсенді роль атқаратын басқа іс-шаралар нысанында жүзеге асырылады.

Құқықтық тәрбиелеудің екі түрін алып қарауға болады. Оларға біріншіден, құқықтық тәрбиелі мінез-құлықты қалыптастыру, екіншіден, әсер етудің күрделі нысанын жатқызамыз. Бұл қызметті жүзеге асыруда әскери қызметкерлерге заң білімі негізінде қажетті құқықтық актілерді меңгеріп, салт-дәстүрлерді, әдеттерді және заңдарды орындауға заңға сәйкес әрекет етуге шақырады. Бір сөзбен айтсақ, әрбір күнделікті нақты өмірде заңдардың талабын орындауға психикалық әсер ету деген тұжырымға келуге болады.

Бұл мақсатқа тек заңдарды түсіндірумен ғана емес, сонымен қатар іс жүзінде оның орындалуына қатаң талаптар қоя отырып, әр түрлі әскери мен бөлімдерде заңдылықты және құқықтық тәртіпті құрумен жетуге болады. Құқықтық тәрбиелеудің міндетті шартына басшы құраманың, жеке үлгілі әскери қызметкерлердің және оның жанұя мүшелерінің талаптарын, заңдық мүдделерін қанағаттандыру туралы қамқорлыққа тікелей байланысты. Яғни, олардың әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік қорғалуы, тұрғын үймен қамтамасыз етілу, тегін емделуі, марапатталуы, қызметінде өсуі және т.б. қызметтердің заңды әрекетін орындалуын айтамыз. Құқықтық тәрбиелеудің мақсатына жету үшін әскери қызмет жағдайында туындайтын және оларды шешудің заңдық тәсілдері мақсатқа сәйкес түсіндіріледі [4].

Әдебиеттер:

1. Исенгулов А. Военная реформа в Республике Казахстан: желаемое и действительность // Время ПО.-2001-4.-С.37-40.
2. Кемельханов А.Ж. Военное право: Учеб. Пособие.-Алматы: ТОО «Изд-во LEM», 2004.-344 с.
3. 1995 жылы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында жалпыға міндетті құқықтық оқуды ұйымдастыру бойынша шаралары туралы» қаулысы
4. Есенбаев А. Вопросы военной реформы в Казахстане и России // Мысль.-2003.-№6.-С.29-32.

К ВОПРОСУ О КВАЛИФИКАЦИИ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ В СФЕРЕ ТАМОЖЕННОГО ДЕЛА

Мусилимова К.С., к.ю.н., доцент, профессор кафедры конституционного и международного права; Кудикенов М.Г., магистрант 1 курса профильного направления Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова
г. Караганда, Республика Казахстан

В данной статье на основе анализа Кодекса Республики Казахстан “Об административных правонарушениях” анализируются основные вопросы квалификации административных правонарушений в сфере таможенного дела.

Ключевые слова: Республика Казахстан, административное правонарушение, таможенное дело.

Вопросы обеспечения законности в таможенной сфере является одними из актуальных в современный период. Теоретическое осмысление указанных вопросов актуально в контексте Таможенного Союза, а теперь уже и образования и действия с 1 января 2015 года – Евразийского Экономического Союза.

Регулированию таможенной сферы уделяется большое внимание. С 30 июня 2010 года в Республике Казахстан действует Кодекс Республики Казахстан “О таможенном деле”, Таможенный кодекс Таможенного Союза. В 2014 году Казахстаном, Российской Федерацией и Белоруссией подписан Договор об образовании ЕАЭС.

О совершенствовании законодательства в сфере административной ответственности свидетельствует тот факт, что 05 июля 2014 года Президентом Республики Казахстан был подписан новый Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Новый Кодекс реализует положения Послания Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства», [1] а также Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года, утвержденный Указом Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года №858, в которой четко обозначены ориентиры административного права[2].

Отличительной особенностью нововведений в Кодексе является тот факт, что в них четко прослеживается тенденция на усиление гарантий обеспечения охраны права и законных интересов человека и гражданина.

Еще одной наиболее значительной новацией является введение дифференцированной процедуры привлечения лиц к административной ответственности (сокращенный и общий порядок).

В целях исключения коррупциогенного фактора, а также обеспечения сокращенного производства предусмотрен абсолютно определенный размер штрафа.

Предусматривается введение систематизации административно-процессуальных норм путем включения в Кодекс соответствующих положений глав 26 и 27 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан. Вводятся дополнительные основания приостановления производства по делу об административном правонарушении, институт пересмотра вступивших в законную силу постановлений по делу об административных правонарушениях по вновь открывшимся обстоятельствам, тем самым дается возможность реализации прав физических и юридических лиц путем подачи заявления, сокращено число отсылочных норм.

В новом Кодексе предприняты меры по выработке четкой концепции разграничения полномочий между судом и внесудебными инстанциями по рассмотрению дел об административных правонарушениях, то есть о соотношении судебного и внесудебного порядка рассмотрения административных дел.

Кодекс введен в действие с 01 января 2015 года, за исключением подпункта 8) части пятой статьи 281, который вводится в действие с 01 января 2016 года. Этот период необходим не только для